



## Халықаралық патенттік жіктеме туралы Страсбург келісіміне Қазақстан Республикасының қосылуы туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2001 жылғы 16 қараша N 257-II

Страсбургте 1971 жылғы 24 наурызда жасалған Халықаралық патенттік жіктеме туралы Страсбург келісіміне Қазақстан Республикасы қосылсын.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

### ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ПАТЕНТТІК ЖІКТЕМЕ ТУРАЛЫ СТРАСБУРГ КЕЛІСІМІ

*(2003 жылғы 24 қаңтарда күшіне енді - ҚР СИМ-нің ресми сайты)*

(1971 жылғы 24 наурыз)

У а ғ д а л а с у ш ы                      Т а р а п т а р :

патенттердің, авторлық куәліктердің, пайдалы модельдердің және пайдалылығы жөніндегі куәліктердің жалпыға ортақ бірыңғай жіктеме жүйесін қабылдау ортақ мүдделерге жауап береді және өнеркәсіптік меншік саласында анағұрлым тығыз халықаралық ынтымақтастықты қалыптастырады, сондай-ақ бұл саладағы ұлттық заңнаманы үйлестіруге жәрдемдеседі деп есептей отырып,

Соған сәйкес Еуропалық Кеңес Өнертапқыштыққа арналған патенттерді халықаралық жіктемені құрған 1954 жылғы 19 желтоқсандағы Өнертапқыштыққа арналған халықаралық жіктеме патенттері бойынша Еуропалық конвенцияның маңызын т а н и                      о т ы р ы п ,

Бұл Жіктеменің ортақ құндылығын және оның Өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі Париж конвенциясына қатысушы барлық елдер үшін маңызын назарға ала о т ы р ы п ,

Дамушы елдер үшін бұл Жіктеменің маңызын, олардың осы заманғы техникалық жетістіктердің тұрақты ұлғаюы деңгейіне қол жеткізуін жеңілдететінін назарға ала о т ы р ы п ,

1883 жылғы 20 наурызда қабылданған, 1900 жылғы 14 желтоқсанда Брюссельде, 1911 жылғы 2 маусымда Вашингтонда, 1925 жылғы 6 қарашада Гаагада, 1934 жылғы 2 маусымда Лондонда, 1958 жылғы 31 қазанда Лиссабонда және 1967 жылғы 14 шілдеде Стокгольмде қайта қаралған Өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі Париж конвенциясының 19-бабын назарға ала отырып, төмендегілер туралы келісті:

## 1-бап Арнайы одақты құру

### Халықаралық жіктемені қабылдау

Осы Келісім қолданылатын елдер Арнайы одақ құрады және өнертапқыштыққа, авторлық куәліктерге, пайдалы модельдерге және пайдалылық туралы куәліктерге арналған патенттердің бірыңғай жіктелуін қабылдайды. Жіктеме "Халықаралық патенттік жіктеме" (бұдан әрі - "Жіктеме" деп аталатын) деп аталады.

### 2-бап Жіктемені анықтау

( 1 ) ( а ) Ж і к т е м е :

(i) 1968 жылғы 1 қыркүйекте Еуропа Кеңесінің Бас хатшысы күшіне енгізген және жариялатқан 1954 жылғы 19 желтоқсандағы Өнертапқыштыққа арналған халықаралық жіктеме патенттері бойынша Еуропалық конвенцияның ережелеріне сәйкес әзірленген мәтінді (бұдан әрі "Еуропалық конвенция" деп аталатын);

(ii) осы Келісім күшіне енгенге дейін Еуропалық конвенцияның 2(2)-бабына сәйкес күшіне енген өзгерістерді;

(iii) 6-баптың ережелеріне сәйкес күшіне енетін 5-бапқа сәйкес кейінірек енгізілген өзгерістерді қамтиды.

(b) Жіктеме мәтініне енгізілген нұсқау мен ескертпелер осы мәтіннің ажырамас бөлігі болып табылады.

(2)(a) (I)(a)(i) тармақта аталған мәтін әрқайсысы ағылшын және француз тілдерінде екі түпнұсқа дана болып жасалады, осы Келісім қол қою үшін ашылатын күні, бір данасы Еуропа Кеңесінің Бас хатшысына және екіншісі - 1967 жылғы 14 шілдедегі Конвенция негізінде құрылған Дүниежүзілік санаткерлік меншік ұйымының Бас директорына (бұдан әрі тиісінше "Бас директор" және "Ұйым" деп аталатын) тапсырылады.

(b) (I)(a)(ii) тармақта аталған өзгерістер әрқайсысы ағылшын және француз тілдерінде екі түпнұсқа данада, бір данасы - Еуропа Кеңесінің Бас хатшысына және екінші данасы - Бас директорға сақтауға тапсырылады.

(c) (1)(a)(iii) тармақта аталған өзгерістер ағылшын және француз тілдеріндегі бір түпнұсқа данада ғана Бас директордың сақтауына тапсырылады.

### 3-бап Жіктеменің тілдері

(1) Жіктеме ағылшын және француз тілдерінде әзірленеді, әрі екі мәтін де толық дәлме-дәл сәйкес болып табылады.

(2) Жіктеменің испан, неміс, португал, орыс және жапон тілдеріндегі, сондай-ақ 7-бапта аталғандай, Ассамблея айқындайтын басқа да тілдердегі ресми мәтіндері Ұйымның Халықаралық бюросы (бұдан әрі "Халықаралық бюро" деп аталатын),

мүдделі үкіметтермен кеңескеннен кейін не бұл үкіметтердің ұсынған аудармасы негізінде не басқа әдіспен Арнайы одақ немесе Ұйымның бюджеті үшін қаржылық салдарға соқтырмайтындай етіп әзірленеді.

#### **4-бап Жіктемені пайдалану**

(1) Жіктеменің ерекше әкімшілік сипаты болады.

(2) Арнайы одақтың әрбір елінің Жіктемені негізгі немесе қосымша жүйе ретінде пайдалануға құқығы бар.

(3) Арнайы одақ елдерінің құзыретті органдары:

(i) олар беретін патенттерге, авторлық куәліктерге, пайдалы модельдерге және пайдалылығы туралы куәліктерге, сондай-ақ олардың осы органдармен жарияланатынына немесе тек олардың көпшілікке таныстыру үшін айтылатынына қарамастан қорғаудың аталған түрлеріне жататын өтінімдерге және

(ii) жарияланым түрінде ресми басылымдарда жарияланатын хабарландыруларға немесе (i) тармақшасында аталған құжаттардың қосымшасына

(i) тармақта аталған құжаттың қатысы бар, өнертапқыштыққа қолданылатын жіктеменің толық индекстерін енгізеді.

(4) Осы Келісімге қол қою кезінде немесе бекіту грамотасын немесе қосылу жөніндегі актіні сақтауға тапсыру кезінде:

(i) кез келген ел жіктеменің топтарына немесе кіші топтарына жататын индекстерді, бұл (3)-тармақта көзделгендегідей, тек қана көпшілікке таныстыру үшін қойылған өтінімдерде, сондай-ақ осы өтінімдерге жататын хабарламаларға қосуды өзінің міндеттемесіне алмайтынын мәлімдей алады, және

(ii) жаңалыққа сараптама, мейлі ол әдеттегі немесе кейінге қалдырылған сараптама болсын жүргізбейтін және онда патенттерді беру рәсімі немесе қорғаудың басқа да түрлері техникалар деңгейінің жағдайын анықтау үшін іздену жүргізуді көздемейтін, кез келген ел, Жіктеменің топтары мен кіші топтарына жататын индекстерді (3)-тармақта аталған құжаттар мен хабарламаларға қосуды өз міндеттемесіне алмайтынын мәлімдей алады. Егер мұндай жағдайда тек қана қорғаудың кейбір түрлеріне немесе техниканың кейбір саласына қатысты жүзеге асатын болса, осы ел аталған мән-жайларға қатысты ғана ескертпе жасай алады.

(5) "Халықаралық патенттік жіктеме" сөздері алдына келетін Жіктеме индекстері немесе Сарапшылар комитетімен анықталатын бұл сөздердің қысқартылуы, 5-бапта аталған қарайтылған әріппен немесе олар енгізуге тиіс 3(1)-тармақта аталған әрбір құжаттың басында анық көрінетіндей әдіспен басылады.

(6) Егер Арнайы одақтың кез келген елі қандай да бір үкіметаралық органға патенттерді беруді тапсырса, ол осы органның осы бапқа сәйкес Жіктемені пайдалануын қамтамасыз ететін барлық ықтимал шараларды қабылдайды.

## 5-бап Сарапшылар комитеті

(1) Арнайы одақтың әрбір елі ұсынылған Сарапшылар комитеті құрылады.

(2)(a) Бас директор патенттік салада мамандандырылған үкіметаралық ұйымдардың және оларда ең кем дегенде мүше-елдердің біреуі осы Келісімнің қатысушысы болып табылатын өкілдерін бақылаушы ретінде Сарапшылар комитетінің отырысына шақырады.

(b) Бас директор өз бастамасы немесе Сарапшылар комитетінің өтініші бойынша басқа да үкіметаралық және халықаралық үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерін олар үшін қызығушылық тудыратын мәселелерді талқылауға қатысуға шақырады.

(3) Сарапшылар комитеті:

(i) Жіктемеге өзгерістер енгізеді;

(ii) Арнайы одақ елдеріне Жіктемені пайдалануға және оның қолданылуын бірыңғай дамытуға жәрдемдесу мақсатында ұсынымдарды жолдайды;

(iii) атап айтқанда, дамушы елдердің мұқтаждықтарын назарға ала отырып, өнертапқыштыққа сараптама жасау кезінде пайдаланылатын құжаттарды қайта жіктемеде халықаралық ынтымақтастыққа жәрдемдеседі;

(iv) Арнайы одақтың немесе Ұйымның бюджеті үшін қаржылық салдарларды болдырмай отырып, дамушы елдердің Жіктеме қолдануына жәрдемдесетін барлық басқа да шараларды қабылдайды;

(v) кіші комитеттер мен жұмыс топтарын құруға құқығы бар.

(4) Сарапшылар комитеті рәсімнің өз қағидаларын қабылдайды. Бұл қағидалар, (2)(a) тармақта аталған Жіктемені жетілдіру жөнінде елеулі жұмыс көлемін орындай алатын өзінің кіші комитеттерінің және үкіметаралық ұйымдардың жұмыс топтарының отырыстарына қатысу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

(5) Жіктемені өзгерту жөніндегі ұсыныстарды Арнайы одақтың кез келген елінің құзыретті органы, Халықаралық бюро, (2)(a) тармақтың күшіне орай, Сарапшылар комитетіне ұсынылған кез келген үкіметаралық ұйым және осындай ұсыныстар енгізу үшін Сарапшылар комитетімен арнайы шақырылған кез келген басқа да ұйым енгізе алады. Ұсыныстар Халықаралық бюроға жіберіледі, ал ол оларды Сарапшылар комитетінің мүшелеріне және бақылаушыларына осы аталған ұсыныстар қаралуға тиісті Сарапшылар комитетінің сессиясы басталғанға дейін кем дегенде екі ай бұрын жолдайды.

(6)(a) Сарапшылар комитетінің әрбір мүше-елі бір дауысқа ие болады.

(b) Сарапшылар комитеті өздерінің шешімдерін елдерден дауыс беруге келушілердің және қатысушылардың жай көпшілік дауысымен қабылдайды.

(c) жіктеменің негізгі құрылымын өзгертуге алып келетін немесе қайта жіктеме жөнінде елеулі жұмыс туындататын шешім ретінде елдерден дауыс беруге келушілер мен қатысушылардың бестен бірімен бағаланатын кез келген шешім қабылдау үшін

елдерден дауыс беруге келушілер мен қатысушылар дауысының төрттен үшінен көпшілігі талап етіледі.

(d) Қалыс қалғандардың дауысы есепке алынбайды.

## **6-бап Хабарлама және өзгерістердің және басқа да шешімдердің күшіне енуі мен жариялануы**

(1) Жіктемеге өзгерістерді қабылдауға қатысты Сарапшылар комитетінің әрбір шешімі туралы және Сарапшылар комитетінің ұсынымдары туралы Арнайы одақ елдерінің құзыретті органдары Халықаралық бюромен хабарланады. Өзгерістер хабарлама жөнелтілген күннен бастап алты айдан кейін күшіне енеді.

(2) Халықаралық бюро күшіне енген өзгерістерді Жіктемеге қосады. Өзгерістер туралы хабарлар 7-бапта аталған, Ассамблеямен белгіленген мерзімді басылымдарда жарияланады.

## **7-бап Арнайы одақтың Ассамблеясы**

(1)(a) Арнайы одақтың Арнайы одақ елдерінен құралатын Ассамблеясы болады.

(b) Арнайы одақтың әрбір елінің үкіметі бір делегатпен ұсынылады, оның орынбасарлары, кеңесшілері мен сарапшылары болады;

(c) 5(2)(a) бапта аталған кез келген үкіметаралық ұйым Ассамблея отырыстарына бақылаушы болып, ал егер Ассамблея қаулы етсе, онда Ассамблеямен құрылуы мүмкін мұндай комитеттер мен жұмыс топтарына ұсыныла алады.

(b) Әрбір делегацияға кететін шығындарды оны тағайындаған үкімет көтереді.

(2)(a) Ассамблея 5-баптың ережелерін есепке ала отырып:

(i) Арнайы одақты сақтау мен дамытуға және осы Келісімді қолдануға жататын барлық мәселелерді қарайды;

(ii) қайта қарау жөніндегі конференцияның дайындығына қатысты Халықаралық бюроға нұсқаулар береді;

(iii) Бас директордың Арнайы одаққа жататын есептері мен қызметтерін қарайды және бекітеді және Арнайы одақтың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша оған барлық қажетті нұсқаулықтар береді;

(iv) бағдарламаны айқындайды, Арнайы одақтың үшжылдық бюджетін белгілейді және оның қаржылық есептерін бекітеді;

(v) Арнайы одақтың қаржылық регламентін бекітеді;

(vi) жіктеменің ресми мәтінінің ағылшын және француз тілдері мен 3(2) бапта аталған тілдерден басқа, қай тілдерде әзірлеу жөн болатынын шешеді;

(vii) Арнайы одақтың мақсатын жүзеге асыру үшін қандай қажет деп санаса, сондай комитеттер мен жұмыс топтарын құрады;

(viii) (1)(c) тармақтың ережелерін есепке ала отырып, Арнайы одақтың мүшесі

болып табылмайтын қандай елдердің және қандай үкіметаралық және халықаралық үкіметтік емес ұйымдардың оның отырыстарына, сондай-ақ өзі құрған кез келген комитет пен жұмыс тобының отырыстарына бақылаушы ретінде жіберілетінін а й қ ы н д а й д ы ;

(ix) Арнайы одақтың мақсатына жетуге бағытталған кез келген басқа да тиісінше іс-әрекеттерді жүзеге асырады;

(x) осы Келісімнен туындайтын басқа да функцияларды орындайды.

(b) Басқа да Одақтар үшін мүдделілік туғызатын, әкімшілігін Ұйым жүзеге асыратын мәселелер бойынша Ұйымның Үйлестіру комитетінің пікірін тыңдай отырып ,  
Ассамблея шешімдер қабылдайды .

(3)(a) Ассамблеяның әрбір мүше-елі бір дауысқа ие болады.

(b) Ассамблеяның мүше-елдерінің жартысы кворумды құрайды.

(c) Ассамблея кворум болмаған кезде шешім қабылдай алады, алайда Ассамблеяның барлық мұндай шешімдері, оның рәсімінің өз қағидаларына қатысты шешімдерін қоспағанда, төменде келтірілген шарттар сақталған кезде ғана күшіне енеді . Халықаралық бюро аталған шешімдерді Ассамблеяның онда ұсынылмаған мүше-елдеріне жібереді және оларды шешім жіберілген күннен бастап үш айлық мерзім ішінде олардың бұл шешімдерді жақтап, оларға қарсы дауыс беретінін немесе қалыс қалатынын жазбаша түрде хабарлауға шақырады. Егер осы мерзім біткеннен кейін осындай ретпен дауыс берген немесе қалыс қалғандары жөнінде хабарлаған елдер саны сессияның өзінде кворумға жету үшін жетпей қалған мөлшерге жетсе, мұндай шешімдер бір мезгілде қажетті көпшіліктің сақталатын жағдайында күшіне е н е д і .

(d) 11(2) баптың ережелерін есепке ала отырып, Ассамблея берілген дауыстың үштен екісімен өзінің шешімдерін қабылдайды.

(e) Қалыс қалғандардың дауыстары есепке алынбайды.

(f) Делегат тек бір ғана мемлекеттің атынан шығады және оның атынан ғана дауыс б е р е а л а д ы .

(4)(a) Ассамблея кезекті сессияға, ерекше жағдайларды қоспағанда, Бас директордың шақырылуымен үш жылда бір рет, нақ сол уақытта және Ұйымның Бас Ассамблеясы орналасқан жерге шақырылады.

(b) Ассамблея Бас директормен шақырылатын төтенше сессияға Ассамблеяға мүше-елдердің төрттен бірінің талап етуі бойынша жиналады.

(c) Бас директор әрбір сессияның күн тәртібін дайындайды.

(5) Ассамблея өзінің рәсім қағидаларын қабылдайды.

## **8-бап Халықаралық бюро**

(1)(a) Арнайы одақтың әкімшілік міндеттерін Халықаралық бюро жүзеге асырады.

(b) Халықаралық бюро, атап айтқанда, отырыстарды дайындайды және Ассамблея хатшылығының, Сарапшылар комитетінің, және Ассамблеямен немесе Сарапшылар комитетімен құрыла алатын осындай басқа да комитеттер мен жұмыс топтарының функцияларын орындайды.

(c) Бас директор Арнайы одақтың басты лауазымды тұлғасы болып табылады және Арнайы одақтың атынан өкілдік етеді.

(2) Бас директор және ол мүшелікке тағайындаған кез келген қызметкер Ассамблеяның, Сарапшылар комитетінің және Ассамблеямен немесе Сарапшылар комитетімен құрыла алатын басқа да осындай жұмыс топтарының барлық отырыстарына дауыс беру құқығынсыз қатысады. Бас директор немесе ол тағайындаған мүше қызметкер ex officio осы органдардың хатшысы болып табылады.

(3)(a) Халықаралық бюро Ассамблеяның нұсқауларына сәйкес қайта қарау жөніндегі конференцияны дайындайды.

(b) Халықаралық бюро қайта қарау жөніндегі конференция мәселелерін дайындауда үкіметаралық және халықаралық үкіметтік емес ұйымдармен кеңесуі мүмкін.

(c) Бас директор және ол тағайындаған тұлғалар қайта қарау жөніндегі конференциялардың жұмысына дауыс беру құқығынсыз қатысады.

(4) Халықаралық бюро өзіне жүктелген басқа да кез келген міндеттерді орындайды.

## 9-бап Қаржылар

(1)(a) Арнайы одақтың бюджеті болады.

(b) Арнайы одақтың бюджеті Арнайы одақтың меншікті түсімдері мен шығыстарынан, Одақтар үшін ортақ оның шығыстар бюджеті жарнасынан, сондай-ақ тиісті жағдайларда, Ұйым Конференциясы бюджетіне аударымдардан тұрады.

(c) Одақтар үшін жалпы шығыстар болып тек осы Арнайы одаққа ғана емес, бір мезгілде әкімшілігін Ұйым жүзеге асыратын басқа да бір немесе бірнеше Одақтарға жататын шығыстар саналады. Арнайы одақтың осы жалпы шығыстағы үлесі осы шығыстардағы оның мүдделілігіне сәйкес келеді.

(2) Арнайы одақтың бюджеті әкімшілігін Ұйым жүзеге асыратын басқа да Одақтардың бюджеттерімен үйлестіру талаптары тиісінше есепке ала отырып қабылданады.

(3) Арнайы одақтың бюджеті мынадай көздерден:

(i) Арнайы одақ елдерінің жарналарынан;

(ii) Арнайы одаққа жататын Халықаралық бюро көрсететін қызметтер үшін алымдар мен төлемдерден;

(iii) Одаққа жататын Халықаралық бюро жарияланымдарын сатудан және мұндай жарияланымдарға құқықтарды беруден түскен түсімдерден;

(iv) сыйға тартулардан, мұрагерлік қаржылардан және жәрдем ақшалардан;

(v) рентадан, пайыздардан және басқа да кірістерден қаржыландырылады.

(4)(a) (3)(i) тармақта аталған жарнаны анықтау үшін, Арнайы одақтың әрбір елі Өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі Париж одағында ол қайсысына жатса, нақ сол сыныпқа жатады және өзінің жылдық жарнасын осы Париж одағының осы сыныбы үшін белгіленетін сол аталған бірліктер саны негізінде төлейді.

(b) Арнайы одақтың әрбір елінің жылдық жарнасы төлеуге барлық жарна төлеуші елдер бірліктерінің жалпы санына оның бірліктерінің саны қалай жататын болса, төлеуге жататын барлық елдердің Арнайы одақтың бюджетіне жарналарының жалпы сомасына солай жататын сомаға тең.

(c) Жарна әр жылдың бірінші қаңтарынан бастап төленуге тиісті.

(d) Жарналар төлеу жөнінде берешегі бар ел, егер оның берешегінің сомасы соңғы толық екі жылда одан төленуге тиісті жарналар сомасына тең не одан асып түссе Арнайы одақтың кез келген органында дауыс құқығын жоғалтады. Алайда Арнайы одақтың кез келген органы мұндай елге, егер төлемнің кешіктірілуі ерекше және болмай қоймайтын жағдайлар нәтижесінде болғанына ол әлі көз жеткізіп тұрған кезге дейін бұл органда дауыс беру құқығын пайдалануын жалғастыруға рұқсат бере алады.

(e) Бюджет жаңа қаржылық кезең басталғанға дейін қабылданбаған жағдайда, онда қаржы регламентімен көзделген тәртіпке сәйкес, бюджет өткен жылдың деңгейінде ж ұ м ы с і с т е й д і .

(5) Арнайы одақтың атынан Халықаралық бюро көрсеткен қызметтер үшін тиісті алымдар мен төлемдер мөлшерін бұл жөнінде Ассамблеяға баяндайтын Бас директор б е л г і л е й д і .

(6)(a) Арнайы одақтың бір жолғы төлемнен құралатын, Арнайы одақтың әрбір елі енгізетін айналым қаражаттарының қоры болады. Егер айналым қаражаттарының қоры жеткіліксіз болса, Ассамблея оны ұлғайту жөніндегі мәселені шешеді.

(b) Әрбір елдің бастапқы төлемдерінің мөлшері, аталған қорға немесе оның осы қорды ұлғайтудағы үлесі қордың құрылған немесе оны ұлғайту жөнінде шешім қабылданған жылдағы бұл елдің жарнасына үйлесімді келеді.

(c) Төлемнің осы үйлесімі мен шарттарын Бас директордың ұсынысы бойынша Ұйымның Үйлестіру комитетінің пікірін тыңдағаннан кейін Ассамблея белгілейді.

(7)(a) Аумағында Ұйымның штаб-пәтері бар елмен штаб-пәтер туралы жасасылған келісімде, айналым қаражаттарының қоры жеткіліксіз болып қалған жағдайларда, бұл елдің аванстар беруі көзделеді. Бұл аванстар сомасы және берілетін шарттар әрбір жағдайда мұндай ел мен Ұйым арасында жасалатын ерекше келісімнің нысаны болып т а б ы л а д ы .

(b) (a)-тармақшасында аталған ел сияқты Ұйымның да жазбаша хабарлау жолымен аванстар беру туралы міндеттеменің күшін жоюға құқығы бар. Күшін жою хабарлама қай жылы жіберілген болса, сол жыл біткеннен кейін үш жыл өткен соң күшіне енеді.



(8) Қаржылық тексеру Арнайы одақтың бір немесе бірнеше елдерінің қаржы регламентінің қағидаларына сәйкес немесе олардың келісімімен Ассамблея тағайындайтын сырттан келетін тексерушілермен жүзеге асырылады.

## **10-бап Келісімді қайта қарау**

(1) Осы Келісім ара-тұра Арнайы одақ елдерінің арнайы конференцияларында қайта қаралуы мүмкін.

(2) Қайта қарау жөніндегі конференцияны шақыру туралы шешімді Ассамблея қабылдайды.

(3) 7, 8, 9 және 11-баптарға түзетулер қайта қарау жөніндегі конференцияда немесе 11-баптың ережелеріне сәйкес қабылдануы мүмкін.

## **11-бап Келісімнің кейбір ережелеріне түзетулер**

(1) 7, 8, 9-баптарға және осы бапқа түзетулер енгізу жөніндегі ұсыныстарды Ассамблеяның кез келген елі немесе Бас директор жасай алады. Мұндай ұсыныстарды Ассамблеяда қаралғанға дейін кем дегенде алты ай бұрын Бас директор Арнайы одақ елдеріне жібереді.

(2) 1-тармақта көзделген, баптарға түзетулерді Ассамблея қабылдайды, бұл үшін берілген дауыстың төрттен үш көпшілігі талап етіледі; алайда 7-бапқа және осы тармаққа кез келген түзету берілген дауыстың бестен төрті болатын көпшілік дауыспен қабылданады.

(3)(a) (1)-тармақта көзделген баптарға кез келген түзету, оны қабылдау туралы әрбір елдің конституциялық рәсіміне сәйкес жүзеге асырылған жазбаша хабарламаны бұл түзетулерді қабылдау кезінде Арнайы одақтың мүшесі болған елдердің төрттен үшіннен Бас директор алғаннан кейін бір айдан соң күшіне енеді.

(b) Көрсетілген баптарға осылайша қабылданған кез келген түзету, түзетулер күшіне енген кезде Ассамблея мүшесі болып табылатын барлық елдер үшін міндетті; алайда Арнайы одақ елдерінің қаржылық міндеттемесін ұлғайтатын кез келген түзету тек осындай түзетуді өздерінің қабылдағаны жөнінде хабарлаған елдер үшін ғана міндетті болып табылады.

(c) (a) тармақшасының ережелеріне сәйкес қабылданған кез келген түзету (a) тармақшасының ережелеріне сәйкес аталған түзету күшіне енген күннен кейін Арнайы одақтың мүшесі болатын барлық елдер үшін міндетті.

## **12-бап Келісімге қатысу**

(1) Өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі Париж конвенциясына қатысушы кез келген ел мынадай жолмен:

(i) Бекіту грамотасын сақтауға тапсыра отырып, Келісімге қол қою немесе  
(ii) Келісімге қосылу жөніндегі актіні сақтауға тапсыру арқылы осы Келісімнің  
т а р а б ы б о л а а л а д ы .

(2) Бекіту грамотасы немесе қосылу жөніндегі акті Бас директорға сақтауға  
т а п с ы р ы л а д ы .

(3) Өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі Париж конвенциясының Стокгольм  
актісінің 24-бабының ережелері осы Келісімге қолданылады.

(4) 3 тармақ Арнайы одақтың қандай да бір елімен осы Келісімді қолданатын басқа  
да елдердің аумағында көрсетілген тармақ күшіне қатысты нақты жағдайды білдіретін  
үнсіз тану немесе қабылдау ретінде түсіндірілуі тиіс емес.

### **13-бап Келісімнің күшіне енуі**

(1)(a) Осы Келісім бекіту грамоталары немесе қосылу жөніндегі актілерді:

(i) осы Келісім қол қоюға ашылған күні Еуропа конвенциясына қатысушы болып  
табылатын елдердің үштен екісі және

(ii) өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі Париж конвенциясына қатысушы,  
бұрын Еуропа конвенциясының қатысушысы болып табылмаған үш ел және кемінде  
олардың біреуі патенттерге немесе авторлық куәліктерге берілген өтінімдер саны жыл  
сайын Халықаралық бюро жариялайтын соңғы жыл сайынғы статистикалық деректерге  
сәйкес 40 мыңнан асатын ел, бекіту грамотасы немесе қосылу жөніндегі актіні сақтауға  
тапсырған күннен кейін бір жылдан соң күшіне енеді.

(b) Осы Келісім олар үшін (a) тармақшасына сәйкес күшіне енетін елдер санына  
жатпайтын кез келген елге қатысты, егер бекіту грамотасы мен қосылу жөніндегі актіде  
анағұрлым кейінірек күн көрсетілмесе, Бас директор оны бекіту мен қосылу күні  
туралы хабарлама жасағаннан кейінгі бір жылдан соң күшіне енеді. Осы Келісім соңғы  
жағдайда бұл елге қатысты осылайша көрсетілген күні күшіне енеді.

(c) Осы Келісімді бекітетін немесе оған қосылатын Еуропа конвенциясына  
қатысушы-елдер күшін жою осы елдерге қатысты, осы Келісім күшіне енген күннен  
кешіктірілмей күшіне енген жағдайда, аталған Конвенцияның күшін жоюға міндетті.

(2) Бекіту немесе қосылу автоматты түрде осы Келісіммен белгіленген барлық  
ережелерді тануға және барлық артықшылықтарды алуға әкеп соғады.

### **14-бап Келісімнің қолданылу мерзімі**

Осы Келісімнің Өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі Париж конвенциясында  
қандай болса, сондай қолданылу мерзімі болады.

### **15-бап Күшін жою**

(1) Арнайы одақтың кез келген елі Бас директорға хабарлама жіберу жолымен осы Келісімнің күшін жою алады.

(2) Күшін жою Бас директор хабарламаны алған күннен бастап бір жылдан кейін күшін енеді.

(3) Осы баппен көзделген күшін жою құқығын Арнайы одаққа мүше болған күннен бастап бес жыл өткенге дейін ешқандай ел қолдана алмайды.

## **16-бап Қол қою, тілдер, хабарлама, депозитарий функциялары**

(1)(a) Осы Келісімге ағылшын және француз тілдерінде бір данада қол қойылады, әрі екі мәтін де толығымен дәлме-дәл сәйкес.

(b) Осы Келісім Страсбургте 1971 жылдың 30 қыркүйегіне дейін қол қою үшін ашық.

(c) Осы Келісімнің түпнұсқа мәтіні қол қою үшін ол жабылған соң, Бас директорда сақталады.

(2) Бас директор мүдделі үкіметтермен кенескеннен кейін ресми мәтіндер испан, неміс, португал, орыс және жапон тілдерінде, сондай-ақ Ассамблея белгілеген басқа да тілдерде әзірленеді.

(3)(a) Бас директор осы Келісімнің қол қойылған, тиісінше өзі куәландырған мәтінінің екі көшірмесін, оған қол қойған барлық елдердің үкіметтеріне және сұрау салуы бойынша басқа да кез келген ел үкіметіне жібереді. Бас директор, сондай-ақ тиісінше өзі куәландырған бір көшірмені Еуропа Кеңесінің Бас хатшысына жібереді.

(b) Бас директор осы Келісімнің тиісінше өзі куәландырған, кез келген түзетулердің екі көшірмесін Арнайы одақтың барлық елдерінің үкіметтеріне және сұрау салуы бойынша басқа да кез келген ел үкіметіне жібереді. Бас директор, сондай-ақ тиісінше өзі куәландырған бір көшірмені Еуропа Кеңесінің Бас хатшысына жібереді.

(c) Бас директор сұрау салуы бойынша осы Келісімге қол қойған немесе оған қосылған кез келген елдер үкіметіне тиісінше өзі куәландырған Жіктеменің ағылшын немесе француз тілдеріндегі көшірмесін ұсынады.

(4) Бас директор осы Келісімді Біріккен Ұлттар Ұйымының Хатшылығында тіркейді.

(5) Бас директор Өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі Париж конвенциясына қатысушы - барлық елдердің үкіметтерін және Еуропа Кеңесінің Бас хатшысын:

(i) қол қойылғаны туралы;  
(ii) бекіту грамоталары мен қосылу жөніндегі актілердің сақтауға тапсырылғандығы туралы;

(iii) осы Келісімнің күшіне енген күні туралы;  
(iv) Жіктемені пайдалану жөніндегі ескертпелер туралы;  
(v) осы Келісімге түзетулердің қабылданғаны туралы;

- (vi) осындай түзетулердің күшіне енетін күндері туралы;  
(vii) алынған күшін жоюлар туралы хабардар етеді.

## **17-бап Өтпелі ережелер**

(1) Осы Келісім күшіне енгеннен кейінгі екі жылдың ішінде Еуропа конвенциясына қатысушы әлі Арнайы одақтың мүшелері болып табылмайтын елдер, егер олар мұны қаласа Сарапшылар комитетінің осындай, егер олар Арнайы одақтың мүшелері болғандағыдай, құқықтарын пайдалана алады.

(2) (1)-тармақта аталған мерзім өткеннен кейінгі үш жылдың ішінде аталған тармақта аталған елдердің Сарапшылар комитетінің отырыстарына, ал егер аталған Комитет қаулы шығарса, онда ол құрған кез келген кіші комитетке немесе жұмыс тобына бақылаушылар болып ұсынылуы мүмкін. Бұл елдер осы кезең ішінде 5(5)-бапқа сәйкес Жіктемеге өзгерістер енгізе алады және 6(1)-бапқа сәйкес Сарапшылар комитетінің шешімдері мен ұсынымдары туралы хабарландырылуға тиіс.

(3) Осы Келісім күшіне енгеннен кейінгі бес жыл ішінде Еуропа конвенциясына қатысушы - бірақ әлі де Арнайы одақтың мүшелері болып табылмайтын елдер, Ассамблея отырыстарына, ал егер Ассамблея қаулы етсе, ол құрған кез келген комитетке немесе жұмыс тобына бақылаушылар болып ұсынылуы мүмкін.

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Жұманазарова А.Б.